Қашанда болсын билер заң шығару функциясын қолдарынан шығармаған. Сонау аты аңызға айналған Төбе би мен Майқы билерден басталған билер институты уақыт өткен сайын алдыңғылар тәжірибесімен молайып, кемелдене түсті.

Әсіресе Тәуке хан тұсында билер институты ханның тұрақты заң шығарушы органына айналды.

Би тұғырына көтерілу үшін тұлға тек көсемсөздің шебері ғана емес, көреген дана, әдеттік заңдардың білгірі, әділ болуға тиіс. «Би» деген атының өзі халық арасында аса құрметтелді. Ш.Уәлиханов «Суд биев в древней народной форме» атты әйгілі еңбегінде: «Қазақ халқында би тұғыры ешқандай халықтық сайлауға негізделмейді және қандай да бір билік органдары сайлауға негізделмейді және қандай да бір билік органдары тарапынан бекітуді талапетпейді. Тек сот дәстүрлерін терең білу және оны көсемсөз өнерімен ұштастыру ғана қазақтарды осындай атаққа қол жеткізді», - деп жазды. /1/

Шынында би болу үшін, би атағын алу үшін қазақ азаматына байлықтың әлде мемлекет басшысының ешқандай әсері жоқ еді. Биге бұрын ешқандай сайлау да болмайтын. Тек халықтың әдет-ғұрпы мен сот заңдарын терең білім, оны өзінің көсемсөз өнерімен ұштастырып көпшілік алдында сынға түсетін адамды аса құрметті «би» атағы дәрежесіне жеткізген. Бұл құрметті атаққа жету үшін олосы аталған білгірлігін халық

алдында әлденеше рет көрсетуге тиіс еді.

Сонда оның атағы халық арасына тез жайылып халыққа танылады. Осылай би атағы мен дәрежесі бір жағынан халық данасы болса, екінші жағынан сот пен адвокат қызметін атқаратын еді.

Ш.Уәлиханов сондай-ақ кейбір әйгілі билердің балалары да әкесінің мұрагері ретінде би атағын жалғастырып келгенін көрсетеді. Бірақ би атағы мұрагерлік құбылыс емес. Ешқандай атақ-абыройы жоқ қарапайым халықтан талай майталман билерді өмірдің өзі дүниеге әкелді. Өзінің табиғат берген талантымен қарапайым халық арасынан талай әйгілі билер шықты. Мысалы, Орта жүзде Шорман би 13 жасында, Кіші жүзде Есет Көтібарұлы 20 жасында би деген атақты жеңіп алған.

Билердің негізгі қызметі солт билігін жүзеге асыру еді. Осы сот процесіне қысқаша тоқталатын болсақ, ол төмендегідей жүзеге асырылады.

Сол процесі талапкер мен жауапкер шағымданып, биге жүгінуге келген кезден басталады, жүгінуге келгендерге би қарсылық білдіруге құқылы емес. Қазақ дәстүрлі құқығында талап ету мерзімі шектелмеген еді. Биге жүгінуге екі жақ келісім бергеннен соң оған қарсылық білдіруге құқылы болмаған.

Дауды анықтауға куәгерлер қатыстырылған. Куә келтіру міндеті талапкерлерге жүктелген.

Би істі ауызша жүргізеді және билік шешім халық алдында жарияланады. Билік етіп даудың шешімін тапқаны үшін дауланған құнның онан бір есебінде «билік ақы» алынған. Дау шешілген соң сот процесінің аяқталғандығын білдіретін «ала жіп» кесілді.

Сот билігінің көшпелілер қоамындағы орнының биіктігі сонша, ол кейбір кездері хан билігінен де жоғары тұрған. Би – ханның ақылгой кеңесшісі, рухани тірегі әрі ұстазы есебінде қаралды. Би әркез халық атынан сөйлейдіғ сондықтан да болар, би хан алдында тайсалмайды, тіпті керек жерінде өктемдік те көрсете алады.

Би институтының ерекшелігі сол, ол тек сот билігін жүзеге асыруда ғана маңызды ие болған жоқ, сонымен қатар құқықтық дәстүрлердің дамуына да септігін тигізді. Құқықтық дәстүрлер билер соты тәжірибесі негізінде өзгертіліп, толықтырылып отырды. Егер белгілі бір күрделі мәселелер дәстүрлі құқықта реллелмесе, онда мұндай сотта шығарылған шешім, келесі соған ұқсас істе де қолданыс тауып, белгілі билердің шешімдері сот прецедентін құрап, құқық көзіне айналды.

Кейбір күрделі мәселелер, әсіресе әр түрлі топтардың мүдделерін қозғаған даулар бір би арқылы емес, билер алқасы негізінде қаоалды. 5-6 биден құралған сол алқасы – «жүгініс» деп аталса, 10-20 биден құралған сот – «кеңес» деп танылды, және мұндай билер съезінде маңызды ережелер қабылданып отырды.

Міне осы мысалдар арқылы қазақ қоғамындағы билер институтының алар орны айқын көрініп тұр.

XVIII-XIX ғасырларда қазақ жерлерін отарлауды жүзеге асырған патшалы Ресей осындай халық көкейінен шыққан билер сотын әлсіретіп, жоюға тырысты. Өйткені қазақ билері үш жүздің ауыз бірлігін сақтауға, елді бірліктен кетірмеуге тырысты. Ал Ресей империясының отарлық мүддесін қамтамасыз етуді, Ресей заңдарының дала өлкесіндегі үстемдігін жүзеге асыруды мақсат еткен отарлық үкіметтің өз саясатын жүргізудегі басты кедергі де осы билер институты еді. Сондықтан да би институтын құқықтық жүйеден ығыстырып шығармайынша, патша өкіметі өзінің империялық саясатын түпкілікті жүргізе алмайтындығын түсінді. Осынау берік дәстүрді - би институтын түп тамырымен жою негізгі мақсатқа айналды. Бұл мақсатты орындау XIX ғасырдың өн бойында жүзеге асырылды және патша әкімшілігінің заң актілері негізінде қазақдаласындағы билер институтын жоюға бағыттаған осы замандағы саясатын шартты түрде екі кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1. XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы ережелер негізінде билер сотын әлсіретуге бағытталған шаралар.
2. XIX ғасырдың екінші жартысындағы іс-шаралар.

Қазақ тарихына үңілетін болсақ, патша өкіметі түпкі ниетін 1822 жлы қабылдаған «Сібір қырғыздары туралы ереже» атты заңдар жинағына енгізген. Міне осы кезден бастап патша өкіметінің заңы бойынша билер қызметі сайланбалы болды және оның мерзімін әкімшілік бекітті. Батыс Сібір генерал-губернаторы М.М.Сперанский жасап шығарған бұл ереже қазақтардың құқықтық жүйесіне үлкен өзгеріс енгізді. Билер құзіреті шектеліп, дәстүрлі құқықтың қызмет ету аумағы тарылды. Қазақтар құқықтық жағдай жағынан Ресей бодандарымен теңестіріліп, оларға «Кошпелі өзге рулар туралы Ереже» тарады.

Құқықтық жүйедегі негізгі өзгешеліктер мына бағытта жүргізілді: Қылмыстық істер мен азаматтық құқық бұзушылық бір-бірінен ажыратылды. Қылмыстық істер қатарына мемлекетке опасыздық, кісі өлтіру, тонау, барымта, билік орындарына бағынбау, лауазымдық қылмыстар, жалған құнды қағаздар мен монеталар жасау, жалған ант беру жатқызылды. Мұндай

істер бойынша тергеу жұмыстарын округтық приказ жүргізді, ол сонымен бір мезгілде қылмыстық істерді қарау солт инстанциясы ролін атқарды және өз қызметінде жалпыимпериялық заңдарға сүйенді. /2/

1822 жылғы Ереже бойынша билер соты жойылған жоқ, бірақ оның қызмет аясы тарылды. Ол ендігі жерде үрлық бойынша талап қою істерін қарады және оның шығарған шешімдері де талаптың көлеміне қарай белгілі органдардың бекітуін талап етті: 2 мың сом көлеміндегі дау бойынша шешімді - Сенат бекітті. Сондай-ақ Ереженің 218 параграфында билер сотының шешіміне наразы тараптарға Ресей әкімшілік органдарына шағым жасауға құқық берілді. /3/ Зерттеуші ғалым З.Кенжалиев патша өкіметінің бұл іс-шарасын саралай еліп, «көшпелілердің құқықтық мәдениетіне жат, олардың сот билігі жәйлі ұғым-түсініктеріне керсғар бұл жаңалық билер сотының қоғамдық құндылығын кемітіп, рухани сын-сипатына нұқсан келтірді», - деп жазды. /4/

1822 жылғы Ереже негізінде қалыптасқан би қызметінің сайланып қойылуы, билер соты шешімін міндетті түрде бекітудіталап етуі билер институтын біршама әлсіретті, бірақ оны түпкілікті жоя алмады.

1824 жылы «Орынбор қырғыздары туралы Ереже» бекітілді, ал 1844 жылы «Орынбор қырғыздарын басқару туралы Ереже» қабылданды. Бұл реформалар қазақ қоғамында дәстүрлі құқықтың қолданылу аясын тарылтып, Ресей заңдарының және сот процесінің қазақ жеріне түпкілікті енуіне жол ашуды мақсат етті. Сол мақсатта азаматтық және қылмыстық істер ажыратылып, әр түрлі категориядағы істер әр түрлі сотта қаралатын болды.

Мемлекетке опасыздық, кісі өлтіру, тонау, қарақшылық, барымта, үкіметке қарсы әрекет сияқты қылмыстар әскери соттың құзырына берілді. Сондай-ақ Шекара комиссиясы жанынан арнаулы қылмыстық істер қарау бөлімшесі және азаматтық істер қарау бөлімшесі және азаматтық істер қарау бөлімшесі ашылып, олардың әрбіреуінің белгілі істерді қарау құқығы бекітілді.

Ал билер сотында 50 сомнан төмен мөлшердегі талап қою арызы бойынша істер қаралатын болды. Билер соты іс қарау барысында дәстүрлі құқық нормаларын бастапқы негізге үстанды. Сонымен бірге олар дәстүрлі құқық нормаларында қарастырылмаған тұтқынға алу, полициялық қадағалау орнату, келтірілген зиянның орнын толтыру сияқты жазаларды қолдануға

құзырлы болды. Бұл сол кездегі Ресей заңдарын бірте-бірте билер сотына да енгізуді мақсат тұтқан патша өкіметінің саясатының көрінісі еді.

Шекара комиссиясы жанында осы сот түрлерімен бір мезгілде мировой сот қызмет етті. Ол азаматтық талап қою арыздарын қарады және билер соты шешімдеріне шағымдарды қарады. Бұл да билер соты үстінен қабылау немесе билер соты шешімдерінің күшін жоюға мүмкіндік беруді мақсат еткен бірден-бір іс-шара еді. Бұл қазақ билері үстінен шағым жасауға және жоғарғы орыс чиновниктерінің істі әділетсіз шешуіне жағдай жасады.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының ұлттық мемлекеттілігі жойылып, ол Ресейдің ішкі отарына айналған кезеңде патша өкіметі билерді және қазақ халқы мұқтаж болып отырған билер сотын «мықтап» әлсіретті. Сөзімізді фактілермен дәлелдейтін болсақ, 1867 ж. «Жетісу мен Сырдария облыстарын басқару туралы Уақытша Ереже» мен 1868ж. «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторының дала облыстарын басқару туралы Уақытша Ережеге» сәйкес қазақ қоғамындағы сот жүйесінде түпкілікті өзгерістер енгізілді.

1867-1868 жылдардағы Ережелер негізінде енгізілген маңызды өзгерістердің бірі Қазақстан территориясында жалпыимпериялық сот қызметінің таралуы болды. Реформа негізінде Әскери-сот комиссиясының құрылып, онда күрделі қылмыстық істер, әсіресе отарлық билікке қарсы қылмыстар қаралды. Өзге күрделі қылмыстарды және 2 мың сомнан жоғары талаптарды қарау облыстық басқармаға тапсырылды. Сонымен қатар уездік судья тағайындалды, ол үш күндік тұтқындау арқылы жазаланатын қылмыстық істерді және 100 сом айып төлейтін қылмыстық істерді, сондай-ақ 2 мың сомға дейінгі көлемдегі азаматтық талаптар бойынша істерді қарады. Бұл сот инстанциялары жалпыимпериялық заңдарды басшылыққа алды және сол бойынша шешім шығарды.

Осымен бір мезгілде «хылықтық сот» яғни билер соты өмір сүрді, бірақ ол жан-жақты трансформацияланды. Оның құзырында тек қана аз көлемдегі азаматтық талаптарды қарау, некеотбасы істері және маңызды емес қылмыстық істерді қарау қалдырылды.

1867-1868 жылдардағы Ережелер негізінде би қызметі сайланбалы болып қала берді. Енді халық сотының судьясы болу үшін 25 жасқа толу шарт болып есептелінді. Сайланған билерді губернатор бекітті. Сонымен күннен-күнге қазақ билері халық

ісіпен ығыстырыла бастады. Округ пен болыстардағы би қызметін бай адамдар пара беру арқылы сатып алатын болды. Олар халықтың емес, отаршыл өкіметтің сенімді өкілдеріне айналды. Осылай қазақ еліндегі би қызметі сайланбалы болу негізінде, бұрынғыдай ел арасынан шыққан халық таңдаулылары емес, тек байлар ғана би қызметіне қол жеткізді. Өйткені патша өкіметі үшін халықтың емес, отарлық үкіметтің дегенінен шықпайтын адамдар керек еді.

Реформа бойынша билер сотының үш инстанциясы енгізілді:

1. Жеке би соты – 300 сом көлеміндегі азаматтық талаптар бойынша іс қарады.
2. Болыстық билер соты – 500 сомнан аспайтын көлемдегі талаптар бойынша түпкілікті шешім шығарды және жеке би соттарының шығарған шешімдеріне шағымдарды қарады.
3. Төтенше билер съезі - екі болыс өкілдері арасындағы талас-тартысты қарады, оған міндетті түрде уезд бастықтары қатыстырылды. Сондай-ақ бұл сот инстанциясы болыстық билер сотының шешімін қайта қарауға құқылы екінші инстанция болды.

Осының бәрі қазақ қоғамындағы билер институтын түпкілікті жоймағанымен, оны барынша әлсіретті. Бұған дейін қазақтар өз еркімен, өз таңдауымен беделді деген билерге жүгінуге құқылы болса, ендігі жерде тек өздерінің болыстық билеріне ғана жүгінуге міндетті болды. Ал болыстық билер болса, істерді өздерінің туыстарының пайдасына ғана шешіп, парақорлықтың дамуына жол ашты және сот саласында коррупцияны күшейтті.

Сөйтіп халықтық сот жүйесі отарлық аппараттың бір звеносына айналды, ал бұл өз кезегінде дәстүрлі құқықтың құлдырауына алып келді.

Соның алдарынан, бұрынғы би деген құрметті атақ өзгеріп, болыспен, ағпи патша әкімшілігінің ел ішіндегі қол шоқпарына айналған тұлғалармен қатар «болыс, би» деп аталды. Ал бұрынғы халық өкілдері, ел ішіндегі олардың ізбасарлары – нағыз билер империялық саясат негізінде биліктен ығыстырылып шығарылды. Би деген ғасырлардан келе жатқан құрметті атақ кері мағынасында айтыла бастады. Осы мәселені зерттеген белгілі ғалым С.Зиманов:

«Би қызметіне дайын емес, дарынсыз, қабілетсіз адамдардың өтіп кетуін халықтың жан-жақты сынағаны соншалық, тіпті ел арасында оларды сынап-мінеген жаңа мақал-мәтелдер пайда болды» деп атап көрсетті. /5/

Сонымен XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ билерінің екі түрі болды. Біріншісі - ертеден келе жатқан дәстүрді жалғастырушы билер, яғни халық таңдаулылары. Екіншісі - патша өкіметінің жандайшабы, халыққа жеккөрінішті болса да, патшаға жағымды қызметкер би.

Алайда халық өздерінің атақты билерін және сол дәстүрлерді жалғастырушыларды әлі күнге дейін құрметтейді. Қазақтың атақты билері Төле, Қазыбек, Әйтекеден қалған билік дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес. Олардың заманында, А.Байтұрсынов пікірімен айтқанда, «Әділ билердің қолында болған билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді».

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Валиханов Ч. Собрание сочинений. А., 1961, Т.1. 505б.
2. Материалы по истории политического строя Казахстана. А., 1960. Т1. 103б.
3. Сонда 113б.
4. Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. А., 1997. 150б.
5. Зиманов С. Общественный строй Казахстана в XIX А., 1958. 199б.

***УДК 94(574) «1860/...»***

***Байболсынова А.***
БҚМУ-нің Қазақстан тарихы
кафедрасының аспиранты

## Батыс Қазақстандағы рухани отарлау саясатының негізгі бағыттары

"Біздің елімізді мекендейтін барлық бұратана тайпаларына білім бергендегі түпкі мақсат-оларды орыстандыру ... екендігі күмән тудырмауға тиіс"
***Граф Дм. Толстой, 1870 жыл.***

Ресей патшалығының қол астына қараған әртүрлі діндегі, әртілдік жүйеде сөйлейтін бұратана халықтарды православие дініне шоқындырып, орыстандыру үшін жүргізілген отаршыл-

дық саясат тым ертеден басталған еді. Бірақ бұл саясат бұратана халықтардың тұрмыс ерекшелігі мен діни нанымына, әдет-ғұрпымен салт-санасына және де дүниетанымына орай әртүрлі дәрежеде үзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, өте қулықпен жүргізілді.

XVIII ғ. I жартысынан Қазақстан территориясы Ресей құрамына кірді. Патшалық Ресей қарапайым, аңғал халқы мен байлығы шалқыған жерін көп күш жұмсамай – ақ, табындырудың оңай-да олжалы жолдарын іздестірумен болды. Мұндай жол **I** – ден, отарлау саясатын кең түрде қолдана отырып, өз ұлтының дін жолымен бағындыру болса, **II**- ден осы тәсіл арқылы бұл халықтарды бірте- бірте шоқындыру, яғни орыстандыру еді. Алдымен бұны жүзеге асыруда аузында "алласы" бар бейбіт ниеттегі татар молдалары арқылы қазақ арасына енуі тиімдірек болды. С. Бабажановтың айтуынша "қазақтар арасында басқаша білімді татар молдалары пайда болып, олар ислам дінін ұқтырып уағыздай бастаған/1/.

1785 ж. 25 қарашада **II** Екатеринаның указы шықты, онда: "қыргыздардың әр түрлі тайпаларына молдаларды бекіту бұрын берген жарлықтарымызға сәйкес келеді және оларды іске асыруға көмектеседі. Бұлар мейлінше сенімді және бізге шын берілген болу үшін оларды Қазан татарларынан іріктеуге күш салыңдар. Қызмет орнына жіберер алдында жақсылап нұсқау беру керек. Ол нұсқауларда қырғыздарды патша сарайына берілген рухта тәрбиелеуді, шекараларда жиі- жиі болып тұратын тәртіп бұзушылардың алдын- алуды естен шығармау керек. Бұл молдалардың жол шығынын төлейтін болыңдар, ерекше козге түскендеріне сый құрмет көрсетіңдер"/2/.- деген нұсқау беріледі. Сөйтіп татар молдаларын аттандыру арқылы исламды уағыздаған болып, патшаға деген көзқарасты қалыптастырып, өзіне сендіру болатын. Олардың басты қызметінің бірі бала оқыту болды.

Кейбір ауқатты байлар үйлерінде жеке молда ұстаған. Патша үкіметінің бұл саясатты тезірек жүзеге асыруға ынтасы сондай: 1800 ж. 15 желтоқсандағы указ бойынша шығыс баспаханасы Петербурітан Қазанға көшірілді. Ал, 1853-1859 жж аралығында бұл баспадан 82 300 дана құран, 77 500 иман шарт басып шығарылды./3/.

Алайда, **XIX** №. **II** жартысынан бастап патша үкіметі татар діндарларының қолымен қазақ жұртын мұсылмандыққа бейімдеудің болашағына күмәнданып, саясатының бағытын үзгерте бастайды./4/. Дін істері Орынбор мүфтиінің қарауынан алы-

ның, жалпы азаматтық ішкі істар министріне бағынатын болды. Мешіт, медресе құрылыстары бақылауға алынды. Әр болыста тек бір ғана молда және ол қырғыздардың /қазақ/ бұрын сотпен істері болмаған, кез- келген молда деп танылған адамнан сайланды. Молданы бекітуді және оған шен беріп, орнынан босатуды тек әскери губернатор ғана жүзеге асыра алатын болды./5/.

Патшалық Ресей өз үстемдігіне әбден сенген шағында империяны күшейту үшін озге халықтарды орыстандыру керек деген міндет қойса, оның жолы орыс тілімен мәдениетін күштеп таңу, сол арқылы христиан дініне кіргізу деп есептеді. Орыстандыру мемлекеттік саясатқа айналды/6/. 1868 ж. 21 қазандағы ереже бойынша бастапқы уақытта әрбір уезд басқармасында бір жалпы білім беретін мектеп ашу көзделді. Оның бағдарламасын халық агарту министрлігінің келісімімен облыс (Орынбор) генерал –губернаторы бекітетін болды/7/. Бұл жерде "Послику вера киргиз- кайсаков по сие время в сущности более языческая, нежели могометанская, то представляется надежда к обращению многих из них в христианство. Областное начальство может испросить особенную в степ миссию, с тем чтобы действовала оно одними увещаниями и убеждениями безмолейщего принуждения"-деп өз саясатын ашық жариялайды./ 8/. Оны жүзеге асыру үшін бірінші қазақ балаларына арнап ашылған мемлекеттік орыс- қазақ мектептері мен, екінші, сол мектептерге сүйене отырып, үзінің миссионерлік жұмысын қызу түрде бастаған православие шіркеуі қызметкерлеріне жүктеді.

Сөйтіп, патша өкіметі қазақ халқына білім беріп оның когамдық санасын, мәдениетін көтеру емес, қайта оларды озінің қасиетті ана тілінен қасырлар бойы ұстанған дінінен, қанына сіңген өнегелі әдет- ғұрыптары мен дәстүрлерінен айырып, рухани құлдықта, надандықта, мәңгүрттікте ұстау сияқты керітарпа міндеттер қойды.

Ашылған орыс мектептерінің барлығында осы солақай орыстандыру саясатының қолшоқпарына айналды.

Ағарту ісі саласындағы өкіметтің жүргізіп отырған бұл саясатының шын сырын, түпкі мақсатын сол кездегі Россйдің халық агарту министрі граф Дм. Толстойдың 1870 жылғы айтқан мына сөздерінен де аңғаруға болады: " Біздің елімізді мекендейтін барлық бұратана тайпаларына білім бергендегі түпкі мақсат-оларды орыстандыру ... екендігі күмән тудырмауға тиіс". Патша әкімшілігінің бұл саясаты ең соңғы күндеріне дейін, сол калпында ешқандай өзгеріссіз жүргізгені белгілі./9/. Ал мұны

жүзеге асыратын хүкіметтің саяси құралы; дінін идеал қылып ұстаған миссионерлер болды. Олар бұтаналарды орыстандыру жолына өте қызу кірісті. Патша өкіметінің 1842ж. Қазан қаласында ашылған Дінии Академия ең сенімді тірегінің бірі болды. 1854ж. Діни Академияның жанынан арнайы миссионерлік бөлім ұйымдастырылды. Оның төрағасы болып Қазан қаласының архиепископы Григорий/Постников/, ал мүшелері болыпҚазан университетінің профессоры А. Казанбек және Діни Академияның ұстаздары Г. Саблуков пен Н. Ильминскийлер белгіленді. Олардың бәрі де араб, парсы, түрік тілдерін жақсы білетін белгілі миссионерлер болатын./10/. 1847ж. 2 маусымда патша өкіметімен синодтың келісімімен Қазан Діни Академиясы жанынан "Аудармашылар комитеті" ұйымдастырылды. Оның басшысы болып 1846ж. Қазанның Духовная Академисын бітірген және сол академияның арнайы мақсатпен ашылған "Противомусульманское отделение" кафедрасын басқарған жас ғалым Н. И. Ильминский белгіленді. "Аудармашылар комитетінің" құрамында сыннан өткен танымал белсенді миссионерлер: Н. Я. Близновский, Е. А. Малов, В. Т. Трофимов, священник Н. Н. Остроумов, Н. И. Золотницкий, И.. Я. Яковлев, Н. А. Бобронников, В. В. Катаринскийлер енді. Осы дін қайраткерлері аударып, басылым көрген 307 кітаптың 288-і таза діни кітаптар болғандығын татар ғалымы А. Каримуллин де арнайы түрде атап өтеді. Осы аударылған кітаптардың ішінде бірде бір тарих, география, арифметика тәрізді өмірге керекті кітаптар болмаған. Бұл миссионерлік қоғамның жергілікті өкілдері деген болды. Оларды "стан" деп атаған. Сондай стандар Торғай облысында, Ақтөбе қаласында, Александровское мен Михаиловское селоларында болған. Архивтерде Ақтөбе миссионерлері М. Побельский, А. Искаковтар туралы материалдар кездеседі. Олар мектептен еңбек ақы алып, Патшалық Рессйдің жергілікті идеологы- әкімдері қызметін атқарғаны туралы жазылады./12/. Патшалық Россй өзінің миссионерлік саясатын бұратана "жабайы" халықтың сауатын ашу мақсатында жүргізіп отырмыз деген желеумен бүркеп отырған.

Патша өкіметінің шығыс мұсылмандары жөнінде жүргізіліп отырған саясатына көңілі толмай миссионер Н. Ильминский көп сыпаған. Ол өзінің Орынбор оқу округінің басшыларына, оқу министірі мен синодтың атына жазған хаттарында, ұсыныстарында қазақ халқын орыстандыруды христиан дініне шоқындырудан бастап, ислам дінінің беделін түсіру, татар молдалары мен тілмаштарын қазақ арасынан қууды талап етті. Сол сияқ-

ғы, мектеп оқулықтарымен қазақ тілінің тазалығын "ислам дінінің ықпалынан сақтау" және араб альфабитін орыс графикасымен ауыстыру т.б. қазақтың қоғамдық, мәдени өмірінің келелі мәселелері жөнінде бірсыпыра пікірлер айтқандай болды. Әсіресе жергілікті әкімгершілік басқару орындарында орысша тіл білетін қазақ жастарымен қазақша түсінігі бар орыстарды тағайындау керек деп санды. Н.Ильминскийдің бұл ұсынысы көп кешікпей қабыданды./13/. Қазақтың бай –шожарларынан ел басқаратын әкімдер дайындау мақсатымен 1841ж. Бөкей хандығының ордасында алғашқы орыс- қазақ мектебі ашылды. 1850ж. 22 тамызда Орынбор шекара коммисиясы жанынан 7 жылдық қазақ мектебі ұйымдастырылды. Бұл мектептің басты мақсаты Кіші жүздегі сұлтан әкімдердің және дистанциялық бастықтардың жанында іс жүргізушілік қызмет атқара алатын, сондай- ақ тек қазақтар ғана тағайындалатын басқа да қызмет орындарында қызмет жүргізе алатын қызметкерлер дайындау болды./14/. 1858ж. бастап үш жылдай Орынбор шекаралық комиссиясында қызмет атқарған кезінде Н. Ильминский миссионерлік ісін астыртын түрде жүргізді. Ол Орынбор өлкесіндегі қазақтардың өмірімен тұрмысын, әдет- ғұрпын жақсы білген. Әсіресе олардың мұсылман дініне деген қатынасына үңіле қарап, ерекшеліктерін жақсы таныған. Өйткені қазақтар ислам дініне құлай берілмей, ата салтын мығым ұстанған, сондықтан діни фанатизмнің болмауы миссионерлік жағдайға аса қолайлы жағдай жасап, жаңа дінге тез көндігетін халық деген тұжырымға келген еді./15/. Өлкедегі ағарту мәселесін миссионерлік мүдде тұрғысынан пайдалануға жан сала кірісе отырып, алдымен қазақтарды татарлардың рухани әсерінен ажыратып бөлектеп, араб графикасы негізіндегі жазудың орнына орыс алфавитіне ауыстыру мәселесі қойылды. 1876 жылы Орынборда Ағарту министрі граф Толстой қазақтар үшін арнайы мәжіліс шақырып, нақтылы нұсқаулар берді. Осы жылы /1876ж/ патша ағзамның өзі қазақтар ғасырлар бойы қолданып келген арабша жазуды орыс жазуына ауыстыру туралы жарлыққа қол қойды. Бұл туралы Ы.Алтынсарин өзінің "Қазақтың облыстық мектептері туралы записка" деген еңбегінде:"... 1876 ж граф Толстой Орынбор қаласына келген кезде ең алдымен талқыға салынған мәселе қазақ арасына орысша хат таныту жолдары және бұл үшін қазақ тіліне орыс алфавитін қолдануға болатын-болмайтыны туралы мәселе қойылған еді. Бұл мәслихаттарға Орынбор өлкесінің бұрынғы генерал-губернаторы Крижановский, Орынбор оқу округінің попечительі Лавровский, Қазандағы оқытушылар семинариясының директо-

ры Ильминский және Торгай, Орал облыстарының губернаторлары қатынасты. Бұлардың бәрі де орыс алфавитін қазақ тілінде қолдануға әбден болады деген қорытындыға келген еді"-деп жазуы арқылы да жергілікті отаршылдық саясаттың ең буынды тұсын ашып береді./16/. Жергілікті халықты басқаруды бір жүйеге келтіргеннен кейін оқу-ағарту мәселесі біршама шешіле түскен жағдайда енді біртіндеп шоқындыру ісі жүргізіле бастады. XIX г басынан қолға алынған бұл шара елдің ауыр тұрмысымен, ашаршылдық, мүсәпір халін пайдалана отырып, өз мақсатын іске асыруды ойластырды. Ал аштықтан аман қалу үшін кейбір отбасында өз балаларын хиуалықтарға, орыс шонжарларына сату фактілері де жиі кездеседі. 1805 ж 25 тамыздағы Орынбор бекетінің директоры П.Е.Величко сауда министрі Н.П.Румянцевке қазақтар өз балалары мен туыстарын асырай алмай хиуалықтарға сатып отырғанын, олар 25-50, ал үлкендері (қара жұмысқа жарайтындары) әрқайсысының құны 100 сомнан тұратындығын жеткізеді./17/. Жоқшылық жағдайдан азып тозып кеткен кейбір қазақ отбасыларын Орынбор генерал-губернаторы Г.С.Волкинский орыс переселендерімен бірге шекараға таяу орналастырып, қазақ балаларын шоқындыруға үйретіп, қазаққа айналдырған./18/.

Ал Сарепт евангелия қоғамы қазақ балаларын сатып алып, шоқындыруға үйрегуді ұйымдастырған/19/. Христиан дінін уағыздаушылар мен миссионерлер өз мақсатына жету үшін әр түрлі айла тәсілдер қолданған. Әсіресе олар ақшалай көмектесеміз деп уәде берсді. Кедей, мұқтаж көрушілерге материалдық көмек беріп, оздеріне тартты./20/./21/

Сойтіп оқу-ағарту деген желеумен жүргізілген қазақтарды орыстандыру, ягни, рухани отарлау саясаты белгілі бір дәрежеде өз мақсатына жеткенімен, христиан дініне түгелдей шоқындыруды патша үкіметі жүйелі түрде жүргізіп, маңызды мемлекеттік шаралар дәрежесіне көтерсе де толық орындай алмады. Мисионерлермен, өкімет адамдарының барлық құлшынысына қарамастан, қазақ арасында мұсылман дінін тастап, христиандыққа өткендер санаулы ғана болды. Олардың да көпшілігі көп ұзамай, өз дініне /ислам/ қайта оралып отырды. Осылайша ұзақ жылдық христиандандыру өз жемісін бере алмаса да, рухани отарлаудың басқа бағыттары толық жеңіп шықты. Шебер, асықпай ойластырылып жүргізілген халықты рухани отарлау саясаты халықтың санасын әбден улап, түрмыстың барлық саласын қамтыды. Оның зардаптары әлі күнге дейін сезілін отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бабажанов М.С. Этнографиялық мақалалар. А,1993. 16 бет.
2. Бекмаханбетов Ө. "Отарлау саясатындағы татар молдаларының қызметі" Ізденіс-Поиск 4-5, 1999 жыл.
3. Бекмаханбетов Ө. "Отарлау саясатындағы татар молдаларының қызметі" Ізденіс-Поиск 1999 жыл.
4. Массевич М.Г. Материалы по истории политического строя Казахстана. Том I.А-1960г. YI.О школах в степи, стр 274.
5. Бұл да сонда, док- 120, YI. Об управлении духовными делами киргизов, стр 339.
6. Есмаганбетов К. Қазақтар шет ел әдебиетінде. А- 1994ж, 83 бет.
7. Массевич М.Г. Аталған еңбек. Док- 120, 340 бет.
8. Бұл да сонда. Док- 54, 105 бет
9. Омаров Ә. Қазақстандағы ағарту ісі және патша үкіметінің отарлық саясаты. А-1997 ж. 15 бет.
10. Омаров Ә. Қазақстандағы ағарту ісі және патша үкіметінің отарлық саясаты. А-1997 ж. 16 бет.
11. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. А-1993ж., 38 бет
12. Әбішева Ж. "XIX г. Патшалық Ресейді» Қазақстандағы миссионерлік саясаты". Ізденіс- Поиск, 4-5, 1999ж, 47 бет.
13. Омаров Ә. Қазақстандағы ағарту ісі және патша үкіметінің отарлық саясаты. А-1997 ж. 18-19 беттер.
14. Сабырханов А. ұлы бетбұрыс. А. Мектеп, 1981ж. 228 бет.
15. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. А-1993ж., 38 бет.
16. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. А-1993ж., 25-26 бет.
17. Материялы по истории Казахской ССР (1785-1828гг) Т-IY. М-Л, 1940, Док-71, стр 228.
18. Материялы по истории Казахской ССР (1785-1828гг) Т-IY. М-Л, 1940, Док-74, стр 238.
19. МИ КазССР Т-IY. М-Л, 1940 г., Док- 84, стр- 251.
20. Әбішева Ж. "XIX г. Патшалық Ресейдің Қазақстандағы миссионерлік саясаты". Ізденіс- Поиск, 4-5, 1999ж, 47 бет.
21. Омаров Ә. Қазақстандағы ағарту ісі және патша үкіметінің отарлық саясаты. А-1997 ж. 21 бет.

*УДК 327(574)*

***Скачкова Н.П.***
кандидат философ. наук, доцент ЗКГУ

# Конкурирующие цивлизации: реальность и перспективы казахстанского демократического транзита

Осмысление значения преобразований, произошедших в постсоветском Казахстане, с свете гипотезы профессора Гарварда С.Хантингтона о смещении акцентов в столкновении современных конкурирующих цивилизаций на культуры - веление времени. Новаторская гипотеза, высказанная на рубеже XX-XXI столетий, несмотря на несмолкаемую критику и волну научных дискуссий, служит новой парадигмой для многих исследований и прогнозов моделей исторического развития.

Согласно гипотезе С. Хантингтона современная мировая политика вступает в новую фазу, в которой доминирующим фактором мировых затяжных конфликтов-«линий разломов» становятся не государства, нации и лидирующие идеологии, как это было на протяжении 100 лет. В новом тысячелетии облик мира формируется в ходе взаимодействия более устойчивых элементов цивилизаций - языка, истории, институтов, обычаев, религий, самоидентификации.

Основная линия раздела цивилизаций, сложившаяся в основном к 1500 году, проходит в целом между народами, исповедующими западное христианство, и другими народами, проживающими восточнее и южнее их ,- православными христианами, мусульманами, индусами, китайцами и .т. д., отнесенными к не западным цивилизациям. Сегодня традиционные идентификации по нациям-государствам и идеологиям в основном исчерпали себя, истончаются политической, экономической модернизацией, образованием однополярного мира и многими другими объективными обстоятельствами. В результате высвобождаются огромные силы, своеобразная социопсихологическая энергия, которая ранее формировалась и структурировалась идеологиями и которая на рубеже XX-XXI столетий влилась в культуру, повысив роль цивилизационной идентичности.

Согласно Хантингтону в новом тысячелетий главной демар-

кационной линией становится «бархатный занавес» культуры, в центре - столкновение западной и не западной цивилизации. Теперь не западные цивилизации из объектов истории преобразуются в ее субъекты. Мир становится более сложным, набирают силу процессы глобализации, способствующие смене ролей на исторической арене и выполнению не западными цивилизациями активной роли в ней. В силу транзитности политических и экономических модернизаций, способствующих развитию процессов глобализации, наряду с западом они творят историю. Цель для них - стать современными, не становясь западными. Важным оказывается уровень развития народов, тот круг проблем, которые они решают и которые служат, в конечном счете, основанием конфликтов или новых союзов. Поэтому культура, язык, религии и пр. соединяют или разъединяют народы в силу сложившихся исторических реалий. Запад не случайно именуют техногенной, «холодной», «ожидающей» цивилизацией. Помимо технических достижений, обеспечивающих высокий уровень жизни желательный всем народам, ей в духовном плане предложить человечеству нечего.

Необходимо также учитывать, что современное состояние стран Запада вряд ли соответствует привычным для постсоветского менталитета представлениям. Последние десятилетия в них начали складываться новые постмодернисткие структуры и отношения, которые отличает широчайший плюрализм, альтернативность, деиерархизация, наблюдается падение любых авторитетов, существование партий сомнительного толка. Одновременно с нарастающей скоростью размываются всевозможные социальные границы, дезорганизуются большие сообщества и структуры, растет культурная фрагментарность, развитие своего рода демократии и свобода без берегов.

Не западным странам следует обрести богатство, современные технологии, оборудование, вооружение, соединив эти достижения со своими традиционными ценностями, глубинными философскими основами с тем, чтобы сохранить «теплые» черты не западных цивилизаций, более благоприятные для человека и его развития. Речь идет о модернизации без вестернизации, сотрудничестве с не западными цивилизациями. Западные ценности с их отношением между Богом и человеком, гражданином и государством, родителями и детьми, мужем и женой, сексуальной свободой, соотношением прав и обязанностей, с их «империализмом прав человека», коррозией демократических институтов, как показали международные исследования, для не

западных цивилизаций неприемлемы. Бедный может стать богатым, коммунист-демократом, но значительно реже русский становится эстонцем, азербайджанец-армянином, а казах-американцем.

Будущее интересовало человечество во все времена, и футурологические концепции являются составной частью политической теории. На той стадии развития, которой человечество достигло к XXI в, жажда разрыва с XX столетием, с его индивидуализмом, анархизмом, антисоциальными пристрастиями, тревожное понимание, что ни одно общество не может быть жизнеспособно без объединяющей оси культуры, какой –либо религии на деле является призывом к смене парадигм.

Психологическую, онтологическую и социальную концептуальную раздробленность сможет преодолеть только мощная международная научная среда. В этой связке находится и концепция демократического мира, в которой в прогнозе о моделях развития человечества сделан акцент на демократические модернизации в странах. Согласно этой концепции потенциал агрессивности в международных отношениях уменьшается по мере демократических преобразований во всем мире, по мере перехода стран к современным формам правления, с их демократическими ценностями, с защитой прав человека, решением назревших проблем путем демократических процедур.

Прогностическая модель истории, касающаяся Центрально-Азиатского региона, разработанная казахстанскими аналитиками во главе Президентом РК Назарбаевым Н.А., вполне вписывается в современные гипотезы. Прогноз сфокусирован на проблемах, непосредственно касающихся постсоветского Казахстана, и заслуживает пристального внимания и изучения. Суть прогноза - в отрицании универсальности Западной цивилизации, необходимость поисков собственных ресурсов для повышения своего статуса и роли на исторической арене. Основой для подобной модели служит организация экономического сотрудничества 10 неарабских государств: Ирана, Пакистана, Турции, Азербайджана, Казахстана , Киргизии, Туркменистана, Таджикистана, Узбекистана, Афганистана уже в 60-е годы, образование «шанхайской пятерки» в наши дни, Договор о коллективной безопасности и совместные усилия стран азиатско-тихоокеанского региона в борьбе с международным терроризмом. В русле этого Договора - тесная координация антитеррористических действий стран с международными организациями.

Сегодня впервые за последние 500 лет у стран Центральной

Азии появилась возможность вернуть себе былые позиции некогда цветущего региона, занимаемые ими в период прохождения здесь шелкового пути. Это и богатые недра/газ, нефть, сельскохозяйственное сырье.../, и наличие договора между Казахстаном, Узбекистаном и Киргизией. Казахстан и Узбекистан, по мнению аналитиков, делают погоду во всем регионе, то есть, способны привлечь в свои ряды другие государства. Успех прогнозируемой региональной интеграции стран Центральной Азии будет во многом зависеть от демократических преобразований и достижений в каждом из государств этого региона. Независимо от своеобразия менталитета народов, их языка, конфессий проверенный путь успешной конкуренции и повышения роли не западных цивилизаций в истории сегодня- их демократизация в самом широком смысле, способствующая преодолению нищеты и бедности стран питательной среды радикализма.

Демократизация приобрела характер общецивилизационной тенденции, универсальной формулы, которой никак не избежать. Казахстанский демократический транзит усложняется тем обстоятельством, что РК находится на стыке двух цивилизаций- Востока и Запада, причудливо соединяя в себе черты обеих культур, этатистко-авторитарные и либерально-демократические, развившиеся на специфической ментальной основе и на политических стереотипах и традициях, сложившихся уже за годы Советской власти. Приобщение к либерально-демократическим принципам в РК пестуется как ценнейшее достижение за органичность, естественность, постепенность процессов, которые в основном идут без «кавалерийских наскоков» и волюнтаристских стремлений ускорить их.

Учитывается также то обстоятельство, что в Казахстане демократический транзит начался в рамках своеобразного советского жестко- авторитарного модернизационного проекта. Осуществление демократического транзита, хотя и с некоторыми издержками, привело к важным достижениям в экономике и социокультурной сфере. В то же время элементы «модерна» в нем соседствуют с законсервированным авторитаризмом, социальными рудиментами традиционных докапиталистических или квазикапиталистических отношений. Социальная архаика проявляет себя в структуре населения республики, 60 % которого живет в сельской местности и является носителем патриархальной ментальности, в феноменах патернализма и трайбализма, контрастах городского и сельского производства и жизненных укладов. Нельзя игнорировать доминирование в массовом политическом

сознании современного Казахстана авторитарных, этатистских и эгалитаристских по своей сути установок.

Поэтому Президентом развивается идея об «адаптированной модернизации», демократический транзит в рамках которой классического типа является скорее его реальным воплощением в конкретных исторических условиях конкретной страны - РК. За десятилетие политическая власть Казахстана претерпела ряд серьезных изменений, которые рассматриваются в качестве предпосылок перехода к демократии, к общецивилизационным ценностям:

1. Коммунистическая партия потеряла свое доминирующее значение, уступив место политическому плюрализму.
2. Претерпела изменения законодательная власть: вместо 2-х Парламентов/ съезда Советов и Верховного Совета/ создан один с двумя палатами-сенатом и махилисом.
3. Провозглашен государственный суверенитет Республики, в которой методологическим подходом к государственному строительству, к модернизации политической системы положена гражданская модель нации как всех сограждан не обязательно с единым генетическим происхождением, но общей исторической судьбой.
4. Можно говорить о более четком разделении законодательной, исполнительной и судебной власти:

- Конституция 1995 г. узаконивает Парламент в качестве представительного органа, осуществляющего законодательную функцию / ст. 49/
- Суверенизация в Казахстане идет с ориентацией на президентскую республику с уточнением его полномочии, границ власти. Президент не только возглавляет исполнительную власть, но наделен правом издавать законы и указы, имеющие силу законов Республики. / Ст. 45, п.2/
- Исполнительную власть осуществляет Правительство, которое в порядке, предусмотренном Конституцией, образуется Президентом, ответственно перед ним и подотчетно Парламенту /ст.53,64,65/.
- Судебную защиту Конституции, ее законодательных и нормативных актов выполняет Конституционный Совет, занимающийся также и политической деятельностью, например, в случае спора выносит решение о правильности выборов и назначает референдумы / ст. 72 /.
- Предпринята попытка системой сдержек и противовесов - предотвратить перевес власти в одной из ее ветвей за счет

других / в Конституции оговорены условия отрешения Президента от должности вплоть до импичмента; выражения вотума недоверия Правительству со стороны Парламента; правила по формированию состава Конституционного Совета, сбалансированности его положения в качестве органа конституционного надзора /. ст.47, 53, п.6 и 7; 61, п.7; 71 /.

В результате меняется политический режим, смягчились методы и способы осуществления власти, отражающие повышение уровня политических свобод граждан. От жестокого авторитаризма советского периода, можно сказать, общество переходит к авторитарно-демократическому режиму. Важно удержаться на этом пути и не потерять демократических ориентировок, демократического вектора развития.

В результате, по мнению Президента, за 10- летие демократизации РК пройден путь, равный столетию. Функционируют 16 политических партий, 4 из них представлены в парламенте. 60 % газет, журналов, телеканалов являются негосударственными, возникли 2,5 тысяч неправительственных организаций, сотни религиозных общин. Это свидетельство серьезных намерений по созданию партийной системы, реальной оппозиции, независимых СМИ, контроля за структурами власти. Идут реформы правовой системы. Позитивны на этом пути- выборы сельских акимов. Следует помогать обществу адаптироваться к новым реалиям жизни, активному усвоению населением представлений, ценностей и установок, обеспечивающих эффективное функционирование структур, способствующих преодолению не только последствий, но причин распространения терроризма в мире.

Сегодня в РК множество проблем, тем не менее, предпринимаемые меры по созданию правового государства, укреплению независимости судебной системы, институтов гражданского общества, расширение полномочий представительных организаций, совершенствование выборного законодательства позволяют надеяться на построение уже в обозримом будущем государства, в котором не будет места ни политическому, ни религиозному, ни национальному экстремизму. Необходимо стремиться стать полноправным членом Совета Европы, войти в сообщество развитых демократических государств. Политика Казахстана, направленная на поддержку борьбы с международным терроризмом, дает в этом плане шанс и нашему государству.

В целом события, происходящие в мире в начале XXI столетия, свидетельствуют о повышении в нем роли цивилизацион-

ной идентичности и демократического мира. Сегодня тяга к культурной, языковой, религиозной идентификации и демократическому миру проявляется в поддержке общественным мнением борьбы с международным терроризмом в целом и в тоже время в осуждении методов этой борьбы.

Действительно, мир становится более тесным, взаимодействие цивилизаций усиливается. И как следствие - идет осознание народами, что их объединяет и различает. Сегодня на этом пути - и Евразийский саммит с заявками на участие из 36 стран мира и стратегией возрождения Евразийской цивилизации, и ТРАНСЕКА- один из вариантов Великого шелкового пути через Кавказ и страны Центральной Азии, и СВМД- совещание по взаимодействию и мерам доверия, и многое другое- в качестве реального подтверждения прогнозов моделей развития цивилизаций. Сегодня как никогда важно осознать значение и глубинный философский смысл прогнозов, сформулированных футурологами. Важно не ошибиться с выбором и грамотно выстроить отношения с международным сообществом.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Глобальные проблемы и общечеловеческие ценности. М., 1990.
2. Данилевский Н.А. Россия и Европа. М., 1991
3. Хантингтон С .Столкновение цивилизаций //» Полис». 1994, № 1
4. «Цивилизационная модель» отношений и ее импликации / Научная дискуссия в редакции «Полиса»/ //» Полис» 1995, № 1
5. Цимбурский. Вл. Европа- Россия: Третья «осень» системы цивилизаций //» Полис». 1997, № 2.
6. Неклесса А. Конец цивилизации или зигзаг истории // «Знамя». 1998, № 1
7. Назарбаев Н. А. На пороге XXI в. Алматы, 1996
8. Назарбаев Н.А. В потоке истории. Алматы, 1999.
9. К свободному, эффективному и безопасному обществу. Послание Президента страны народу Казахстану.// «Казахстанская правда». 2000, 25 октября.
10. О положении в стране и об основных направлениях внутренней и внешней политики на 2002 г. Ежегодное Послание Президента республики народу Казахстана. // «Казахстанская правда». 2001, 4 сентября.

УДК 316.334.2

*Чигрина З.Б.*
ст. преподаватель ЗКГУ

# Трансформация ценностей казахстанского общества

Традиционно считается, что массовое сознание – наиболее инерционная сфера жизнедеятельности социума. Тем не менее, периоды резких, революционных преобразований, как правило, сопровождаются существенными изменениями в массовом сознании, замещением одних ценностных доминант другими. Кроме того, сегодня уже не вызывает сомнения, что радикальные изменения в экономике, политике, системе государственного управления нуждается в ценностном обосновании, что система ценностей, формирующая основу мировоззрения людей, может выступать и как фактор, ускоряющий развитие, и как трудно преодолимый барьер на пути такого развития. Институциональные преобразования становится действительно необратимыми только тогда, когда они восприняты обществом и закреплены в системе ценностей, на которые это общество ориентируются. Поэтому сдвиги в мировоззрении населения служат значимым индикатором реальности общественной трансформации в целом. Анализ таких сдвигов может позволить глубже понять причины успехов и неудач в институциональных преобразованиях, происходящих в нашем обществе, а также оценить эффективность самой трансформации общества. В послании Президента страны народу Казахстана «Казахстан – 2030» говориться «В первые годы независимости и реформ мы максимально быстрыми шагами стали уходить от коммунистических – коллективных начал к индивидуалистическим. Быстрое развитие частнособственнического индустриализма способствовало смене ценностных ориентиров...»[1]

В начале 2001года нами было проведено небольшое социологическое исследование в г. Уральске с целью изучения изменений базовых ценностей наших граждан. Было опрошено 73

1. Н.А. Назарбаев «Казахстан - 2030», Послание Президента страны народу Казахстана: - Казахстанская правда. 11 октября 1997 г.

человека. Из них 70% мужчин, 30% женщин; 63% - работники технических специальностей, 37% связаны с ветеринарией, медициной, агрономией. 66% опрошенных работают на государственных предприятиях, 12% на частных и коллективных предприятиях, 21% - безработные. По уровню образования: 74% со средним – техническим, 25% со средним и 1% с высшим образованием. По возрасту от20 до 30 лет – 64%, от 30 до 40 лет – 28%, старше 40 лет – 8%.

Анализ ответов респондентов на вопросы по поводу их ценностных установок позволяет выявить следующую иерархию приоритетов (по мере снижения их значимости):

1. Семья – 89%
2. Работа – 78%
3. Друзья , знакомые – 74%
4. Свободное время – 37%
5. Религия – 20%
6. Политика – 16%
7. Материальное благополучие – 10%
8. Искусство – 7%
9. Родители, женщины – по 5%
10. Родственники, здоровье, водка – по 3%
11. Независимость, спорт, карьера, «познание себя», человечность, наркотики – по 1%

